

Қазақстанның халықаралық агроөнеркәсіптік биржасының қызмет ауқымын кеңейту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 30 қыркүйек 1993 ж. N 974. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Мемлекеттік құрылымдардың ауыл шаруашылық өнімдерді сатып алу көлемінің жыл сайын қысқаруы жағдайында оны биржалық сауда арқылы сату рөлі мен мәні күрт өсіп отыр.

Тауар өндірушілерге бірыңғай баға саясатын жасауда, ауыл шаруашылық өнімдерін өткізу жөнінде нарықтық қатынастар мен ақпараттық ықпал ету ауқымын кеңейтуде практикалық көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қазақстанның халықаралық агроөнеркәсіптік биржасымен келісе отырып, оған астық және басқа ауыл шаруашылық өнімдеріне импортерлер мен шет ел инвесторларын Қазақстан рыногына іздестіру және тарту астық экспортерлерін тіркеу мен олардың бағалауын анықтау, инвестициялық қорлар мен мемлекеттік несиелер үшін ұсыныстар әзірлеу, қызметтің консультациялық, әдістемелік, ұйымдық және басқа түрлерін көрсету жөнінде қосымша қызмет жүктеу туралы ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Астықты және басқа ауыл шаруашылық өнімдерін сатуды толық есепке алу , республика ішіндегі барлық сауда операцияларына баға бақылауын жүзеге асыру Қазақстанның халықаралық агроөнеркәсіптік биржасында жүргізілсін.

Бұл орайда республикадан тысқары жерлерге астық және мемлекеттік мақсаттағы басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін шығару Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады .

3. Халық депутаттары Алматы қалалық Кеңесіне Қазақстанның халықаралық агроөнеркәсіптік биржасынан астық және басқа ауыл шаруашылық өнімдері жөніндегі келісімдерден алым алуды тоқтатуды немесе осы алымдарды оның материалдық-техникалық базасын дамытуға жіберуді ескере отырып, 1992 жылғы 22 мамырда 21 шақырылған X сессиясындағы "Биржаларда жүргізілген және валюта сатып алу-сату барысындағы келісімдерге мақсатты алып енгізу туралы" шешімін қарауға өтінім жасалсын.

4. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі экспортқа беруге жасалған контракттар бойынша астықты және басқа ауыл шаруашылық өнімдерін кедергісіз тасымалдауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі 1994 жылдан бастап Қазақстанның халықаралық агроөнеркәсіптік биржасын орналастыру жөніндегі бизнес-кешенін салуға қаржы бөлуді қ а р а с т ы р а т ы н б о л с ы н .

6. Қазақстанның халықаралық агроөнеркәсіптік биржасына осы қаулы шыққан күннен бастап бір ай ішінде өзінің Жарғысына қажетті өзгертулер мен толықтырулар е н г і з у ұ с ы н ы л с ы н .

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Атакент" Республикалық іскерлік ынтымақтастық орталығының аумағындағы "Ауыл шаруашылығы" павильонын Қазақстанның халықаралық агроөнеркәсіптік биржасына ұзақ мерзімге жалға беру жөніндегі мәселені ш е ш е т і н б о л с ы н .

8. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері Қазақстанның халықаралық агроөнеркәсіптік биржасының жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасауды қамтамасыз ете отырып, оның жергілікті жерлерде филиалдарын құруға жәрдем көрсететін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі